

**Әдістемелік кеңес отырысы**  
**Хаттама №3**

**Уақыты:** 16.03.2024

**Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел

**Әдістемелік кеңес төраіймы:** Баймөлдина К.К.

**Хатшы:** Сыдыкова Д.С.

**Қатысқаны:** 7

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібінде:**

- |  |                               |
|--|-------------------------------|
| 1. Қоршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың<br>эстетикалық талғамының қалыптастырудың маңызы | Әдіскер –<br>Конопъянова А.К. |
| 2. Откізілген ашық оку қызметінің корытындысы  | Әдіскер-Конопъянова<br>А.К.   |
| 3. Балабақшаның Аттестацидан өту құжаттарының тізімін<br>талқылау  | Әдіскер-Конопъянова<br>А.К.   |
| 4. Ағымдағы мәселелер  | Әдіскер-Конопъянова<br>А.К.   |

**1. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Конопъянова А.К.**

Табиғатка деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкелиң соктырады. Қазіргі уақыттағы әлемде і экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан үрпакта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытуудың негізгі формалары бакылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиги нысандары мен табигат құбылыстарын бакылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі маселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтерінкі көңіл – күймен катар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, күргақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б. сияқты қарапайым енбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай енбек түрлерін орындау, балаларлың енбекке леген жауапкершілік сезімлерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық енбек, имандылық тәрбиелерімен сабактаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тіртабиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды накты түрде менгеру ұсынылады. Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтал, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір – бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортага деген қызығушылықтарын арттыруға, камқор болып, коргауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер күдіреті көп болмак деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген әсем сезімнің қалыптасуының маңызын түсіндіріп өтті.

**2. Тыңдалды: Басшы Баймөлдина К.К. сөз алғып, қатынас саласының тақырыптары балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін**

тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындағы ашық сабактарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен катар ашық оқу қызметінде көрнекіліктірдің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл деңгөнің балалардың сабакқа қызыға қаралтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

**1 Сөз сейлекендер: Эдіскер Конопьянова А.К.** ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас срекшелігінсай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсene қатысатындығының көрініп түргандығын айта кетті.

3. Эдіскер Конопьянова А.К. сөзіді тәрбиелеу мен білім беру процесінен бастады. Жалпы бала бақшаның дамуын, балалардың сапалы тәрбие мен білім алуын сөз етті. Биыл мамыр айында балабақшаның аттестациядан өтетіндігі туралы айтылды. Жалпы Тәрбиешілердің құжаттар тізімі беріліш, тәрбиешілерден қандай қосымша көмек қажет екендігі сұралды. Тәрбиешілер жалпы құжаттар 2018-2022 аралығындағы нұхсау хатқа сәйкес жасалып жатқандығы айтылды. Күнделікті әдіскер мен басшы тексеру барысында тізім бойынша құжаттар тексеріліп, қызметтерге қатысу барысы бақыланып отыратындығы айтылды.

**4. Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.**

**Сейледі:** Эдіскер Конопьянова А.К. алда жасалатын жұмыстарға токталып өтті. Қантар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қантар, акпан айында жоспарланған ашық үйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара үйымдастырылған оқу қызметіне катысу парагын толтырып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысина тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабактастығы, ересек топ балаларының мектеп кітапханасына саяхатқа баруы, оны дұрыс үйымдастыру туралы айттып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты.

**Шешім:** 1. Экологиялық тәрбие жұмысын үйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабактаса жүргізу қолға алынсын.

2. Жас мамандар ашық оқу қызметіне катысуы тәлімгерлерге жүктелсін.

3. Қантар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілінсін.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**  
**Хатшы:**



Баймодина К.К.  
Сыдыкова Д.С.